

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
6D021400 – «Әдебиеттану» мамандығының докторанты Сатылханова
Гульмира Алихановнаның философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
жазылған «Қазақ новеллаларындағы детальдың көркемдік қызметі»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақ әдебиетінде зерттеушілер тарапынан көп айтылып жүрсе де, жүйелі түрде зерттеліп, теориялық тұрғыдан толық сараланбаған мәселенің бірі – детальдың көркемдік қызметі болатын. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін диссертант Г.А.Сатылханова ғылыми жұмысында детальдың қызметіне жан-жақты тоқталған. «Қазақ новеллаларындағы детальдың көркемдік қызметі» атты диссертациялық жұмыстың тағы бір өзектілігі мен салмағын арттыра түсетін ерекшелігі ретінде детальдың көркемдік қызметін анықтау үшін новелла жанрын негізгі зерттеу нысаны ретінде алынуы деуге болады. Олай дейтініміз, новелла жанры да әлі күнге әдебиеттанушы ғалымдар еңбектерінде жанрлық ерекшелігі қысқа-қысқа түйінделіп берілгенімен, жеке зерттеу арнасы ретінде алынбаған болатын. Сол себепті диссертант жұмысының бірінші тарауының бірінші бөлімінде новелла жанрының ерекшелігі, даму эволюциясы, жанрлық ерекшелігі мен шарттылықтары мен негізгі өкілдері жөнінде де көп еңбектеніп, ғылыми пайымдаулар жасағанын әбден құптаймыз. Отандық және шетелдік бірқатар теориялық құнды еңбектерді пайдалана отырып, өзіндік ғылыми ой сүзгісінен өткізе отырып, жасаған ғылыми тұжырымдары да анық, көңілге қонымды. Диссертант детальдың әр жазушыдан ерекше қабілетті, суреткерлік икемділікті талап ететіні, оған қоса, новелла жанрының шарты басым болуы да көптеген қаламгерлерге сын болғаны, бұл шарттылығы көп жанр суреткерден шеберлікті ғана емес, жанр ерекшелігін түсіне білетін сезімталдықты талап ететінін анықтап, ажырата отырып, өз жұмысында деталь мәселесіне арнайы көңіл бөліп, оларды новелланың үздік үлгілері аясында талдау жасауға тырысқандығы орынды шыққан. Біз бұл саладағы теориялық тұжырым, ғылыми ой-пікірдің осы еңбекпен шектеліп қалмай, алдағы уақытта да жалғасын табады деген ойдамыз. Сондай зерттеулерге осы еңбектің тірек, негізгі бағыт болатынына сеніміміз мол.

2. Алынған нәтижелердің негізділігі мен дәйектілігінің, олардың жаңалығының нәтижесі.

Диссертациялық жұмыста Г.А.Сатылханова қазақ прозасындағы новелла жанрының даму эволюциясына мән бере отырып, прозаиктер өнімді еңбек етіп, новеллалар тудырған дәуірді өткен ғасырдың 60-80-жылдарын қазақ новелласының шарықтап, қарыштап дамыған кезеңі болды деп таныған. Ұлттық ой-сана қанша жылдар бойы бұғауда ұсталса да, бүгінгі тәуелсіз ел әдебиетінің әдеби үдерісінде новелла жанрының пішін жағынан да,

мазмұндық тұрғыдан да, тақырыптық жағынан да кеңейіп, құнарлана түскенін де дәл аңғара білген.

Диссертация кіріспеден, үш тарау, қорытынды және пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімінен тұрады. Ізденуші зерттеу негізінде бірқатар ғылыми тұжырымдар жасауға қол жеткізген.

Зерттеуде тақырыпты ашу мақсатында бірнеше ғылыми нәтижелер алынғанын атауға болады:

Бірінші ғылыми нәтиже – қазақ әдебиетіндегі новелла жанрының пайда болу, қалыптасу мәселесіне ғылыми барлау жасай отырып, бүгінге дейін қалыптасқан ұғымға өзгеріс енгізуі деуге болады. Нақтырақ айтқанда, әдебиеттану ғылымындағы «новелла жанры С.Ерубаетан басталады» деген ғылыми қағиданы нақты дәлелдер келтіре отырып, жоққа шығаруы. Қазақ ағартушысы, тұңғыш ұстаз ақын, жазушы Ы.Алтынсариннің тың тақырыптарды арқау еткен соны сарынды, жаңа үлгідегі новелла жанрының негізін салушы екенін танып, қорытқан тұжырымы ақиқаттығымен бізді де иландырады.

Екінші ғылыми нәтиже – жазушы Б.Майлинді новеллист ретінде танып, дәлелдеуі. Б.Майлин заманында қазақ әдебиетінің тарихы, теориясы сынды мәселелер толыққанды зерттеліп, ғылыми айналымға енгізіліп, эпикалық, лирикалық жанрлардың да әбден қалыптасып, жетіліп үлгермегенін диссертант алға тарта отырып, бүгінде біз танып, біліп, оқып жүрген әңгіме қатарындағы көп дүниесінің новелла табиғатына сай жазылғанын, жанрлық ерекшелігін бойына сіңірген туындылар екенін дәлелдеуі.

Үшінші ғылыми нәтиже – детальды теориялық тұрғыдан фундаментальды тұрғыдан зерттей алуы, өзіндік пікірлер тұжырымдауы. Детальдың жазушының сезім-түйсігі мен тәжірибесіне, қиял ұшқырлығына, жазушылық суреткерлігіне тікелей байланысты бола отырып, новелла жанры үшін ең қажет тәсіл екенін айқындағандығы. Расында новелла жанрындағы детальдың шығарма көлемін қысқартуға, азайтуға әрі материалды сығымдауға септігін тигізетінін жоққа шығара алмаймыз.

Төртінші ғылыми нәтиже – детальдың негізгі түрлеріне жіктеме жасай отырып, нақты мысалдармен дәлелдеп көрсетуі.

Бесінші ғылыми нәтиже – қазақ новеллаларында кездесетін суреттеу және психологиялық деталь түрлерін анықтап, ажыратып, мысалдар арқылы дәлелдей алуы.

Алтыншы ғылыми нәтиже – қазақ әдебиетіндегі новелла жанрының алғаш рет тұтастықта қарастырылып, ондағы детальдардың (заттық (тұрмыстық), пейзаждық, портреттік, іс-қимыл, тілдік) көркем шығармадағы қызметі анықталды.

Жетінші ғылыми нәтиже – детальдың өзіндік ерекшелігі мен айырым белгілері, шекарасы жөнінде анықтаманың соңғы нүктесі қойылмады десек те, детальдың табиғаты, көркемдік қызметі жөніндегі бірқатар ғылыми зерттеулерге байыпты түрде шолу жасай отырып, толыққанды зерттелу хронологиясын жасап шығады.

Қазақ әдебиеттануы ғылымында алғаш рет новелладағы детальдың көркемдік қызметіне жүйелі түрде анализ жасалды. Новеллистердің детальдың көркемдік қызметін шеберлікпен қолдану мәселесі жайында алғашқы ғылыми тұжырымдар жасай алған деуге толық негіз бар.

Зерттеудің мақсат-міндеттері айқын, жетекші идеясы нақты, теориялық негізі мығым. Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі дұрыс таңдалған және соған орай пайдаланылған зерттеу әдістері нақты әрі дәйекті нәтижелер алуға негіз болған.

3. Алынған жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен қорытындылары қазақ новелла жанрын теориялық тұрғыдан толықтырады, сонымен бірге детальдың көркемдік қызметінің қаншалықты маңызды әрі қажетті екенін көрсетіп отырады. Зерттеудің теориялық нәтижелерін гуманитарлық бағыттардағы мамандықтарда; сондай-ақ филолог, әдебиеттанушы мамандарға қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын жасауда пайдалануға болады.

4. Алынған жұмыс нәтижелелерінің негіздемелік және шынайылық дәрежесі.

Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған нәтижелер мен қорытындылардың шынайылық дәрежесін диссертацияның мазмұнынан көруге болады. Талданып отырған новеллалардың барлығы дерлік алғашқы рет сөз болып отырғандығының өзі жұмыстың шынайылығын көрсетеді. Жұмыста ғылыми тұжырымдар мен нәтижелер соңғы жылдарда жарық көрген ғалымдардың ғылыми қағидалары негізге алынып, ізденушінің өзіндік тұжырымдарымен қорытындыланған.

5. Диссертацияның жеке жазылған ғылыми квалификациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес келуі.

Г.Сатылханованың 6D021400 – «Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылып отырған «Қазақ новеллаларындағы детальдың көркемдік қызметі» атты диссертациялық жұмысын өз дәрежесінде, толық аяқталған ғылыми еңбек деп танимыз.

Жұмыстың ғылыми аппараты ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға толық сай жасақталғандықтан диссертация өзінің ойтұжырымдарын жүйелі баяндап берген біртұтас ғылыми еңбек болып шыққан.

6. Мақалалардың жеткіліктігін растау, негізгі ережелер, нәтижелер, диссертацияның қорытындысы.

Диссертациялық жұмыстың теориялық мәні мен мазмұнының тұжырымдарын құрайтын мәселелер бойынша ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті белгілеген республикалық ғылыми басылымдарда жарияланды. Сонымен қатар Scopus баспасына енетін нөлдік емес, импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымдарда, халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинақтарында баяндалып, мақұлданды.

7. Көпшілік алдында қорғауға жіберуге ұсыну.

Қорыта келгенде, Сатылханова Гульмира Алихановнаның 6D021400 – «Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ новеллаларындағы детальдың көркемдік қызметі» атты диссертациялық зерттеу жұмысын оның «Ғылыми дережелерді беру ережелерінің» талаптарына толық сай келетіндігін ескере отырып, қорғауға ұсынуға болады деп санаймын.

Пікір жазған,
отандық ғылыми кеңесші
ф.ғ.д., қауымдастырылған
профессор м.а.

